

Мүгедектігі бар адамдарға арналған көтергіштерді қауіпсіз пайдалану қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 29 қыркүйектегі № 477 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 30 қыркүйекте № 24567 болып тіркелді.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 02.10.2025 № 434 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 23.08.2022 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 102) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 14.07.2023 № 382 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған мүгедектігі бар адамдарға арналған көтергіштерді қауіпсіз пайдалану қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 02.10.2025 № 434 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрі

Ю. Ильин

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы Индустрия және
инфрақұрылымдық даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрі
2021 жылғы 29 қыркүйектегі
№ 477 бұйрығымен
бекітілген

Мүгедектігі бар адамдарға арналған көтергіштерді қауіпсіз пайдалану қағидалары

Ескерту. Қағиданың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 02.10.2025 № 434 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мүгедектігі бар адамдарға арналған көтергіштерді қауіпсіз пайдалану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 102) тармақшасына сәйкес әзірленді және мүмкіндігі шектеулі адамдарға (мүгедектігі бар адамдарға) арналған көтергіштерді (бұдан әрі – көтергіш платформалар) қауіпсіз пайдалану тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 02.10.2025 № 434 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда пайдаланатын негізгі ұғымдар Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

3. Көтергіш платформаларды монтаждау, техникалық қызмет көрсету, техникалық диагностикалау, техникалық куәландыру және жөндеуді "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Заң) 72-бабына сәйкес мүгедектігі бар адамдарға арналған көтергіштерді монтаждау, техникалық қызмет көрсету, техникалық диагностикалау, техникалық куәландыру және жөндеу жүргізу құқығына аттестатталған ұйымдар орындайды.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 02.10.2025 № 434 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Көтергіш платформаларды орнату жобалау (конструкторлық) құжаттамасы бойынша осы Қағидалардың, металл конструкцияларды және көтергіш-көлік жабдықтарын монтаждау үшін ұлттық және (немесе) мемлекетаралық стандарттар және сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы мемлекеттік нормативтер талаптарын ескере отырып орындалады.

5. Көтергіш платформалардың конструкциясына өзгерістер енгізу осы өзгерістер әзірлеуші ұйыммен немесе жобалау ұйымымен және көтергіш платформаның иесімен келісілгеннен кейін ғана жүзеге асырылады.

6. Көтергіш платформасын монтаждау, жөндеу, жаңғырту, реконструкциялау және пайдалану процесінде туындайтын жобалау (конструкторлық) құжаттамасының талаптарынан ауытқу көтергіш платформа иесімен, сондай-ақ көтергіш платформаны дайындаушы ұйыммен немесе осы құжаттаманы әзірлеуші ұйыммен келісуге жатады.

7. Көтергіш платформалар олардың барлық тораптары мен бөлшектеріне техникалық қызмет көрсету және жөндеу мүмкіндігін қамтамасыз етуді ескере отырып ұлттық және (немесе) мемлекетаралық стандарттарға сәйкес жобаланады және орнатылады.

8. Әрбір көтергіш платформа пайдалану құжаттамасымен жабдықталады: осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша паспортпен; конструкцияның техникалық сипаттамасымен; монтаждау, техникалық қызмет көрсету және пайдалану жөніндегі нұсқаулықпен; иесі мен қолданушыға арналған пайдалану бойынша нұсқаулықпен.

2-тарау. Көтергіш платформаларды пайдалану

9. Көтергіш платформаны монтаждауды немесе қайта жаңартуды орындаған ұйым көтергіш платформа мен оның орнатылуының осы Қағидалардың және жобалау (конструкторлық) құжаттаманың талаптарына сәйкестігіне мыналарды қамтитын қарап-тексеруді, тексеруді және сынауды жүргізеді:

1) көтергіш платформаның осы Қағидалардың 8-тармағы бойынша құжаттама жиынтығына сәйкестігін тексере отырып, жалпы көзбен қарап тексеру;

2) көтергіш платформаның өлшемдерін және оны орнатуға байланысты өлшемдерді қоса алғанда, оның дұрыс орнатылуын тексеру;

3) тарту органдарын, бағыттағыштарды, платформаларды, жүріс пен жылдамдықты шектегіштерді, ұстағыштарды, қоршаулар мен есіктердің, электр жабдықтарының жай-күйін тексеру;

4) шахтаның, платформаның, қону алаңының, есіктер мен қоршаулардың конструкцияларындағы регламенттелген арақашықтықтарды (саңылауларды) өлшеу;

5) басқару жүйесінің, электр қауіпсіздік құрылғыларының және платформаның номиналды жылдамдығының жұмысын тексеруге арналған функционалдық сынақтар.

10. Қарап-тексеру, тексеру және сынау барысында анықталған ақаулықтарды жою аяқталғаннан кейін техникалық әзірлік актісі жасалады, оның үлгісі осы Қағидаларға 2-қосымшада келтірілген.

11. Көтергіш платформаны қолдану басталғанға дейін иесі:

1) осы Қағидалардың 34-тармағында белгіленген талаптардың орындалуын қамтамасыз етеді;

2) мыналардың бар болуын және жиынтықтылығын тексереді:

осы Қағидалардың 8-тармағында көзделген құжаттама;

жабдықтың жерге тұйықтау (нөлдеу) элементтерін қарау және тексеру хаттамалары;

күштік электр жабдығының оқшаулау кедергісін, басқару және сигнал беру тізбектерін, күштік және жарық беретін электр сымдарын тексеру хаттамалары;

жасырын жұмыстарды куәландыру актісі;

техникалық әзірлік актісі;

3) көтергіш платформаны пайдалануға беру мүмкіндігі туралы мәселені шешу жөніндегі мына құрамдағы комиссияның жұмысын ұйымдастырады:

комиссия төрағасы – меншік иесінің (иеленушінің) өкілі;

комиссия мүшелері:

пайдаланушы ұйымның өкілі;

өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің немесе көтергіш платформа әлеуметтік инфрақұрылым объектісінде орналасқан жағдайда өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органның өкілі.

Келісім бойынша комиссия құрамына мынадай өкілдер енгізіледі:

Көтергіш платформаны жобалауды, салуды, монтаждауды жүргізген ұйымдар;

жабдықты дайындаушы-ұйымдар және (немесе) жеткізуші-ұйымдар.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 02.10.2025 № 434 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Осы Қағидалардың 11-тармағының 3) тармақшасына сәйкес қалыптастырылған комиссия осы Қағидалардың 11-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген құжаттаманың болуын қарап-тексеруді және осы Қағидалардың 21-тармағында көзделген көлемде тексеру жүргізеді.

13. Комиссия жұмысының нәтижелері бойынша көтергіш платформаны пайдалануға беру мүмкіндігі туралы акт жасалады, оның үлгісі осы Қағидаларға 3-қосымшада келтірілген.

14. Көтергіш платформа паспортына көтергіш платформаның жарамды жай-күйі мен қауіпсіз пайдаланылуы үшін жауапты адам көтергіш платформаның пайдалануға берілген күнін көрсете отырып, оны пайдалануға беру туралы жазба енгізеді.

15. Көтергіш платформа пайдалануға берілгеннен кейін пайдаланушы ұйым Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 98) тармақшасына сәйкес бекітілген Қауіпті өндірістік объектілерді және қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және есептен шығару қағидаларына сәйкес көтергіш платформаны есепке қоюды жүзеге асырады.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 02.10.2025 № 434 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Көтергіш платформаны пайдалану осы Қағидаларға және пайдалану құжаттамасына сәйкес жүзеге асырылады.

17. Көтергіш платформаның қауіпсіз пайдаланылуын өндірістік бақылау Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 24 маусымдағы № 315 бұйрығымен бекітілген Қауіпті өндірістік объектіде өндірістік бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулыққа (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23276 болып тіркелген) сәйкес ұйымдастырылады және жүзеге асырылады.

18. Көтергіш платформаны пайдаланатын ұйым қызмет көрсетуді, техникалық куәландыруды және жөндеуді ұйымдастыру жолымен оның жұмысқа қабілетті жағдайда болуын және қауіпсіз жұмыс жағдайын қамтамасыз етеді.

Техникалық куәландыруды Заңның 72-бабында көзделген мүгедектігі бар адамдарға арналған көтергіштерді техникалық куәландырудан өткізу құқығына өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы аттестат болған кезде көтергіш платформаның иесі жүргізеді.

Заңның 72-бабына сәйкес мүгедектігі бар адамдарға арналған көтергіштерді техникалық куәландыруды жүргізу құқығына аттестатталған ұйымдардың шарт негізінде көтергіш платформаны техникалық куәландыруды жүргізуіне жол беріледі.

Көтергіш платформаны пайдалану немесе оны техникалық куәландыру процесінде қолданылатын бақылау және диагностикалау әдістері көтергіш платформаны пайдалану жөніндегі нұсқаулықта көрсетіледі.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 02.10.2025 № 434 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Көтергіш платформалар пайдалану процесінде кемінде 12 айда бір рет, сондай-ақ дайындаудан (монтаждаудан), реконструкциялаудан (жаңғыртудан) және күрделі жөндеуден кейін техникалық куәландырудан өтеді.

20. Техникалық куәландыру кезінде:

пайдалану құжаттамасын тексеру;

қарап тексеру және өлшеу арқылы жабдықтың техникалық жай-күйін тексеру;
статикалық және динамикалық сынақтар.

21. Көтергіш платформаны қарап тексеру кезінде жабдықтың және оның бекітпелерінің, арқандардың, шынжырлардың, электр сымдарының, шахта мен жетек қоршауларының жай-күйі, сондай-ақ көтергіш платформа қондырғысының орнату сызбасына сәйкестігі тексеріледі.

22. Жүк түсірмейтін құрылғысы бар көтергіш платформаны тексеру кезінде мыналардың жұмысы бақыланады:

шығырлар;

платформаны динамикалық сынау кезінде тексерілетіндерді қоспағанда, платформалар мен шахталардың, қауіпсіздік белдіктерінің, шлагбаумдардың, қауіпсіздіктің сезімтал жиектерінің (аландарының), қауіпсіздік құрылғыларының есіктері;

басқару жүйелері;

дабыл және жарықтандыру;

гидравликалық жетегі бар көтергіш платформадағы гидравликалық жетек (жұмыс сұйықтығының ағуы және қысымы).

23. Гидравликалық жетегі бар көтергіш платформасында гидрожүйенің герметикалығы және сақтандыру клапанының іске қосылуы статикалық сынаумен тексеріледі. Статикалық сынау кезінде жүк көтергіш құрылғыда салмағы көтергіш платформаның номиналды жүк көтергіштігінен 25 % асатын біркелкі бөлінген жүк орналастырылады.

24. Көтергіш платформаны динамикалық сынау кезінде оның механизмдері тексеріледі, буферлер (тіректер), ұстағыштар, тежегіш және жылдамдықты шектегіш сыналады, сондай-ақ платформаны тоқтату дәлдігі тексеріледі.

Платформаны тоқтату дәлдігін тексеруді қоспағанда, сынақ платформада салмағы көтергіш платформасының жүк көтергіштігінен 10% асатын еденге біркелкі бөлінген жүк болған кезде жүргізіледі.

Платформаның тоқтау дәлдігін тексеру бос платформаның және салмағы көтергіш платформасының жүк көтергіштігіне тең жүк бар платформаның әр бағытында қозғалу кезінде жүзеге асырылады.

Шеткі отырғызу (тиеу) аландарында аялдаманың дәлдігін тексеру көтеру платформасының осы алаңшалар бағытында қозғалысы кезінде жүргізіледі. Тоқтату дәлдігі платформаны автоматты түрде тоқтатқаннан кейін тексеріледі.

25. Буферлерді (тіректерді) сынау көтергіш платформаның жұмыс жылдамдығы кезінде жүргізіледі.

Буферді (тіректі) сынау нәтижелері оларда қалдық деформациялар немесе сынулар анықталған жағдайда қанағаттанарлықсыз болып саналады.

26. Тежеуіш жүйесін сынау көтергіш платформаның номиналды жүк көтергіштігінен 25%-ға асатын массасы бар жүк орналастырылған көтергіш платформаның номиналды жылдамдығымен төмен жылжыған кезде электр қозғалтқышының және тежеуіштің коректенуін ажыратумен орындалады.

27. Сыналатын ұстағыштар салмағы көтергіш платформасының жүк көтергіштігіне сәйкес келетін жүгі бар төмен қарай қозғалатын жүк көтергіш құрылғыны (қарсы салмақ) тоқтатады және бағыттауыштарда ұстайды.

28. Жылдамдықты шектегіштен іске қосылатын ұстағыштар үзілмей және тарту элементтерінің үзілуін имитациялай отырып сыналады.

29. Барлық тарту элементтерінің үзілуінен немесе әлсізденуінен іске қосылатын құрылғымен іске қосылатын ұстағыштар осы құрылғының әрекетінен сыналады.

30. Жылдамдықты шектегіштен және барлық тарту элементтерінің үзілуінен немесе әлсізденуінен іске қосылатын құрылғыдан іске қосылатын ұстағыштар жетек құрылғыларының әрқайсысына тәуелсіз сыналады.

31. Жылдамдықты шектегіш пайдалану құжаттамасында көрсетілген платформаның қозғалыс жылдамдығына сәйкес айналу жиілігі кезінде іске қосылуына, сондай-ақ жұмыс шкивінде жылдамдықты шектегіш арқаны болған кезде ұстағыштарды іске қосу қабілетіне сыналады.

32. Техникалық куәландыру нәтижелерінің негізінде пайдаланушы ұйым көтергіш платформаны одан әрі пайдалану мүмкіндігі туралы немесе жөндеу немесе қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу туралы шешім қабылдайды және оны өз өкімімен (бұйрығымен) бекітеді.

33. Техникалық куәландыру нәтижелері туралы жазбаны көтергіш платформасының жарамды жай-күйі мен қауіпсіз пайдаланылуы үшін жауапты тұлға келесі куәландыру күнін көрсете отырып, көтергіш платформасының паспортында жүргізеді.

34. Көтергіш платформаны пайдаланатын ұйыммен:

көтергіш платформаны пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының сақталуына өндірістік бақылауды жүзеге асыруға жауапты тұлғалар тағайындалады;

көтергіш платформаны жарамды жай-күйі мен қауіпсіз пайдалануы үшін жауапты тұлғалар тағайындалады;

қызмет көрсету және жөндеу үшін персонал тағайындалады;

көтергіш платформалардың жабдықтары орналасқан үй-жайлар мен шкафтардың кілттерін сақтау және беруді есепке алу тәртібін қамтамасыз етеді;

көтергіш платформаларды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының сақталуына өндірістік бақылауды жүзеге асыруға, көтергіш платформалардың жарамды жай-күйі мен қауіпсіз пайдаланылуына жауапты тұлғаларды өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын белгілейтін нормативтік құқықтық актілермен, ал персоналды – технологиялық регламенттермен қамтамасыз етеді;

көтергіш платформаларды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының сақталуына өндірістік бақылауды жүзеге асыруға, көтергіш платформалардың жарамды жай-күйі және қауіпсіз пайдаланылуына жауапты тұлғалардың осы Қағидалардың талаптарын, ал персоналдың технологиялық регламенттерді орындауын қамтамасыз етеді.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 27.01.2023 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының сақталуына өндірістік бақылауды жүзеге асыруға, көтергіш платформалардың ақаусыз жай-күйі мен қауіпсіз пайдаланылуы үшін жауапты адамдарды, персоналды өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында даярлау және қайта даярлау Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № 332 бұйрығымен бекітілген Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мамандарды, жұмыскерлерді даярлау, қайта даярлау және білімін тексеру қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23461 болып тіркелген) (бұдан әрі – Даярлау қағидалары) сәйкес жүргізіледі.

36. Көтергіш платформаларға техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді электр механик және оператор пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа немесе көтергіш платформаларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүргізеді.

Заңның 72-бабына сәйкес мүгедектігі бар адамдарға арналған көтергіштерге техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді жүргізу құқығына аттестатталған ұйымдардың шарт негізінде көтергіш платформаларға техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді жүргізуіне жол беріледі.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 02.10.2025 № 434 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37. Көтергіш платформалардың ақауларының, сондай-ақ көтергіш платформаларды пайдалануға тыйым салынатын басқа да себептердің тізбесі пайдалану жөніндегі нұсқаулықта немесе техникалық қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықта, сондай-ақ электр механигі мен операторға арналған технологиялық регламентте көрсетіледі.

38. Көтергіш платформаларын пайдалануға мына кезде жол берілмейді:

көтергіш платформалар конструкциясының, оның элементтерінің, құрамдас бөліктері мен үй-жайлардың осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеуі;

қарап тексеру, тексеру немесе техникалық куәландыру процесінде жойылмайтын көтергіш платформалардың қауіпсіз пайдаланылуына әсер ететін ақаулықтардың болуы ;

белгіленген пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін;

техникалық куәландыру мерзімі өткен;

техникалық қызмет көрсетуді орындамау;

қауіпсіздік құрылғыларының ақаулары;
металл конструкцияларында және жабдық элементтерінде жарықтардың болуы;
көтергіш платформаларды тексеру және оларға техникалық қызмет көрсету үшін
Даярлау қағидаларына сәйкес білімін тексеруден өткен персоналдың болмауы.

39. Көтергіш платформасын күрделі жөндеуден кейін, сондай-ақ алдыңғы техникалық куәландыруда белгіленген жұмыс мерзімі аяқталғаннан кейін пайдалануға енгізу техникалық куәландыру көлемінде қарап тексеруден және тексеруден кейін жүзеге асырылады.

40. Техникалық қызмет көрсету қарап тексеру, майлау, тозуды өлшеу, тексеру және өлшеу нәтижелері бойынша тораптар мен бөлшектерді тазалау, реттеу және ауыстыруды қамтиды.

41. Техникалық қызмет көрсету пайдалану жөніндегі нұсқаулықта немесе көтергіш платформаға техникалық қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықта белгіленген мерзімдерде жүргізіледі.

42. Нормативтік қызмет мерзімін өтеген көтергіш платформалар Заңның 72-бабына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында сараптама жүргізу құқығына аттестатталған ұйымдардың оларды одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында техникалық жай-күйіне тексерілуі тиіс.

Мүгедектігі бар адамдарға
арналған көтергіштерді
қауіпсіз пайдалану
қағидаларына
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшаның оң жақ жоғары бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 02.10.2025 № 434 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

Тік (көлбеу) жылжуы бар көтергіштің паспорты

Көтергішті басқа иесіне беру кезінде көтергіш платформасымен бірге осы төлқұжат беріледі.	
Дайындаушының (жеткізушінің) атауы, мекенжайы	

Көтергіш паспортының құрамына кіретін құжаттардың тізбесі

Құжаттың атауы	Құжаттың белгіленуі	Парақтар саны
Орнату сызбасы		
Схема элементтерінің тізімі бар электрлік қағидатты схема		
Схема элементтерінің тізімі бар негізгі гидравликалық қағидатты схема		

Нормативтік-техникалық құжаттама талаптарына сәйкес басқа да құжаттар		
---	--	--

Жалпы мәліметтер

Өндіруші кәсіпорын	
Көтергіш платформасының түрі мен моделі	
Зауыттық нөмірі	
Дайындалған күні	
Жетек (электрлік, гидравликалық)	
Орындау (ұлттық және (немесе) мемлекетаралық стандарттар)	
Көтергіш платформаны пайдалануға болатын қоршаған орта (температура, салыстырмалы ылғалдылық, атмосфералық жауын-шашынның түсуі)	
Көтергіш платформа дайындалған негізгі нормативтік-техникалық құжаттар (олардың белгіленуі және атауы)	

2. Негізгі техникалық сипаттамалары 2.1. Жалпы мәліметтер

Жүк көтергіштігі, кг	
Көтергіштің номиналды қозғалыс жылдамдығы, м/с	
Бір мезгілде тасымалданатын пайдаланушылар саны (ілесіп жүрушіні қоса алғанда)	
Пайдаланушыны арбамен тасымалдау мүмкіндігі	
Басқару түрі	
Аялдамалар саны	
Көлбеу бұрышы көлденең (тік)	
Көтеру биіктігі, м	
Жүк көтергіш құрылғы жолының ұзындығы (көлбеу жылжуы бар көтергіштер үшін)	

	Ток тегі	Кернеу, В; номиналдықтан рұқсат етілген ауытқу, % (±)	Жиілігі, Гц
Көтергіш платформасы жұмыс істемей тұрған кезде енгізу құрылғысында			
Күш тізбегі		қалыпты режимде қозғалтқышты іске қосу кезінде	
Басқару тізбегі			

Жөндеу жұмыстары шахтасының платформасына арналған жарықтандыру тізбегі			
Дабыл тізбегі			

2.2. Шығыр

Түрі (Редукторлы, редукторсыз, арқанды жүргізетін шкиві бар, барабанды, жұлдызшасы бар және т. б.)	
Зауыттық нөмірі	
Дайындалған жылы	
Шығу білігіндегі номиналды айналу сәті, Нм	
Арқан тартушы шкивтің, барабанның, жұлдызшаның диаметрі, мм	
Салмағы, кг	

2.2.1. Редуктор

Түрі	
Зауыттық нөмірі	
Дайындалған жылы	
Беріліс коэффициенті	
Берілістің осьаралық қашықтығы, мм	
Салмағы, кг	

2.2.2. Тежеуіш

Түрі (калыпты, дискілі, конус тәрізді)		
Тежеуіш шкивінің диаметрі, мм		
Тежеуіш жетегі	Түрі	
	Күш, кН (кгс)	
	Атқарушы органның барысы, мм	

2.3. Электр қозғалтқыштары

Мақсаты		
Түрі		
Ток тегі		
Кернеу, В		
Номиналды ток, А		
Жиілігі, Гц		
Қуаты, кВт		
Қозғалтқыш орамаларының рұқсат етілген қызып кетуі °С (оқшаулау сыныбы)		

Айналу жиілігі, айн/мин		
ПВ (%)		
Сағатына қосу саны		
Қорғау дәрежесін көрсете отырып орындау (қалыпты, ылғалдан қорғалған, шаң-Судан қорғалған, теңіз)		
Салмағы, кг		

2.4. Гидрожетек

Түрі	
------	--

2.4.1. Гидроцилиндр

Түрі	
Саны	
Зауыттық нөмірі	
Дайындалған жылы	
Шток поршені плунжерінің диаметрі, мм	
Жүрісі, мм	
Жұмыс қысымы, МПа ең кіші ең үлкен сынақ қысымы, МПа	
Көтеру кезіндегі жылдамдық, м/с, түсіру кезінде кем емес, артық емес	
Салмағы, кг	

2.4.2. Гидроагрегат

Түрі	
Зауыттық нөмірі	
Дайындалған жылы	
Жұмыс сұйықтығының ең үлкен ағыны, дм/мин	
Жұмыс сұйықтығы	
Құю көлемі, дм ³	
Сақтандырғыш клапанды баптау қысымы, МПа	
Сынау қысымы, МПа	
Салмағы, кг	

2.4.3. Құбырлар

Жоғары қысымды жеңқұбырлар (түрі)	
-----------------------------------	--

2.5. Шахта есіктері

--	--

Құрылыс (айқарма, жылжымалы, аралас, бір, екі немесе көп жармалы)	
Есік ойығының өлшемі (ені x биіктігі), мм	
Ашу немесе жабу тәсілі (қолмен, жартылай автоматты, автоматты)	
Жетек (электрлік, гидравликалық, пневматикалық, серіппелі)	
Платформа отырғызу (тиеу) алаңы деңгейінде тоқтаған кезде шахтаның есігін ашу тәсілі (жылжымайтын, жылжымалы қабат)	
Қону (тиеу) алаңы деңгейінде платформа болмаған кезде шахтаның есігін ашу тәсілі	

2.6. Платформа

Ішкі өлшемдері, мм ені тереңдігі биіктігі	
Есіктердің құрылысы (айқарма, жылжымалы, бір, екі немесе көп жармалы)	
Есіктерді ашу немесе жабу тәсілі (қолмен, жартылай автоматты, автоматты)	
Есік жетегі (электрлік, гидравликалық пневматикалық, серіппелі)	
Платформа түрі (өтетін, өтпейтін)	
Салмағы, кг	
Қауіпсіздік белдігі (бар/жоқ)	
Шлагбаум (бар/жоқ)	

2.7. Қарсы салмақ

Салмағы, кг (жиналған түрінде)	
--------------------------------	--

Ескертпе: Жүк саны көтергішпен бірге жеткізілетін құжаттамада көрсетілген.

2.8. Арқан

	Платформалар	Қарсы салмақ	Жылдамдық шектегіші	Теңестіретін
1	2	3	4	5
Түрі				
Конструкциясы				
Стандарт бойынша шартты белгі				
Диаметрі, мм				
Арқан саны				

Бекіту үшін қажетті ұзындықты қоса алғанда, бір арқанның ұзындығы, м				
Арқанның жалпы үзілу күші, Н (кгс)				
Беріктік қорының коэффициенті				
Кесте арқандарды дайындаушы кәсіпорынның сертификаттары бойынша толтырылады. Тартқыш арқандар мен жылдамдықты шектегіш арқандар үшін толтырылады.				

2.9. Тізбектер

	Платформалар	Қарсы салмақ	Жылдамдық шектегіші	Теңестіретін
Түрі				
Стандарт бойынша шартты белгі				
Тізбек қадамы, мм				
Тізбектер саны				
Бір тізбектің ұзындығы, м				
Тізбектің бұзушы жүктемесі, Н (кгс)				
Беріктік қорының коэффициенті				

Ескертпе:

Кесте тізбектерді дайындаушы кәсіпорынның қабылдау-тапсыру сынақтарының хаттамасы бойынша толтырылады.

Беріктік қорының коэффициенті тарту тізбектері мен жылдамдықты шектеу тізбектері үшін толтырылады.

2.10. Қауіпсіздік құрылғылары 2.10.1. Механикалық құрылғылар

		Платформалар	Қарсы салмақ
Ұстағыштар	Түрі (өткір, аралас)		
	Іске қосылады (жылдамдықты шектегіштен, барлық тарту арқандарының әлсіз тұсынан іске қосылатын құрылғыдан)		
	Ұстағыштарды сынау шарттары (платформаның қозғалыс		

	жылдамдығы, қарсы салмақ, платформаны жүктеу)		
	Ұстағыштарды тежеудің рұқсат етілген жолы, мм ең төменгі		
Жылдамдық шектегіші	Түрі (орталықтан тепкіш, маятникті)		
	Жылдамдық шектегіші іске қосылатын платформаның (қарсы салмақтың) қозғалыс жылдамдығы, м/с максималды минималды		
	Керу құрылғысынан жылдамдықты шектегіш арқанындағы күш, кН (кгс)		
Буфер	Түрі		
	Саны		

2.10.2. Қауіпсіздік қосқыштары

Шахта есігін жабу	
Шахта есігінің автоматты құлпы	
Шахта есігінің автоматты емес құлпы	
Шахтаға қызмет көрсету саңылауы	
Шұңқыр есігін жабу	
Жылдамдық шектегіші	
Ұстаушылар	
Тарту арқандарының (шынжырларының)әлсіз жақтары	
Жылдамдықты шектегіш арқанның тарту құрылғысы	
Қысым датчигі (гидравликалық көтергіш платформа)	
Көтергіш платформасында қолданылатын басқа қауіпсіздік қосқыштары	

Ескертпе: "Бар" немесе "Жоқ"деп көрсетіледі.

2.10.3. Соңғы ажыратқыштар

Ажыратылатын тізбек (күштік, басқару)	
Қолданысқа келтіру тәсілі	

3. Толық техникалық куәландыру жүргізу кезіндегі жүктемелер

--	--

4. Қабылдау туралы куәлік

Көтергіш _____
(атауы, типі, шифры)
нормативтік құжаттарға сәйкес дайындалған

паспортта көрсетілген сипаттамалармен жұмыс істеу үшін жарамды деп танылды.

Шығарылған күні _____

Қабылдауға жауапты тұлғалар _____ (қолы, күні)

М.О. (болған жағдайда)

5. Кепілдік міндеттемелер

5.1. Дайындаушы ұйымның кепілдік міндеттемелері _____

(дайындаушы ұйымның атауы)

тасымалдау, сақтау, монтаждау және пайдалану шарттарын сақтай отырып,
көтергіштің конструкторлық құжаттама талаптарына сәйкестігіне кепілдік береді.

Көтергіштің кепілдік мерзімі _____ пайдалануға берілген күннен
бастап.

(жыл, ай)

Дайындаушы ұйымның бас инженері _____

М.О. (болған жағдайда) (күні)

5.2. Көтергішті монтаждауды (қайта жаңартуды) орындаған ұйымның кепілдік
міндеттемелері _____

кепілдік береді (көтергішті құрастырған ұйымның атауы)

иесі пайдалану шарттарын сақтаған жағдайда, көтергіштің монтажының
монтаждауға және оның монтажына қатысты бөлігінде көтергіштің ақаусыз жұмысына
техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкестігі.

Көтергіштің кепілдік мерзімі _____ қол қойылған
күнінен бастап (жыл, ай)

көтергішті пайдалануға қабылдау және техникалық дайындық актісі.

Көтергішті монтаждауды (қайта жаңартуды) орындаған ұйымның уәкілетті өкілі

М.О. (болған жағдайда) (күні)

6. Көтергіштің орналасқан жері туралы мәліметтер

--	--	--

Көтергіштің иесі-кәсіпорынның (ұйымның) атауы	Көтергішті орнату орны (қала, көше, үй, корпус, кіреберіс)	Көтергішті орнату күні
---	--	------------------------

(екі бет)

7. Көтергіштің ақаусыз жай-күйіне және қауіпсіз пайдаланылуына жауапты тұлға

Тағайындау және бекіту туралы бұйрықтың (өкімнің) күні және №	Лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты	Жауапты тұлғаның қолы
---	-----------------------------------	-----------------------

(екі бет)

8. Көтергішті жөндеу және жаңғырту туралы мәліметтер

Күні	Жөндеу және қайта жаңарту туралы мәліметтер	Жауапты тұлғаның қолы
------	---	-----------------------

Ескертпе: Көтергіш конструкциясының жаңадан орнатылған элементтерінің сапасын растайтын құжаттар көтергіш паспортымен бірге сақталады.

(жиырма беттен кем емес)

(кемінде жиырма бет)

9. Техникалық куәландыру нәтижелерінің жазбасы

Куәландыру күні	Куәландыру нәтижелері	Келесі куәландыру мерзімі
-----------------	-----------------------	---------------------------

10. Есепке қою (тіркеу)

Көтергішке тағайындалған № _____ в _____

(органның атауы)

Паспортта _____ бет нөмірленген

барлығы _____ парақ тігілді,

оның ішінде _____ парақтағы сызбалар

(лауазымы) (қолы) (қолтаңбаның толық жазылуы)

"__" _____ 20__ ж.

М.О. (болған жағдайда)

Ескертпелер:

Үлгілік паспорт үлгі болып табылады, оның негізінде дайындаушы кәсіпорын шығарылатын көтергіштің түріне қатысты паспортты әзірлейді, оған осы үлгіде қамтылған мәліметтер тізбесінен көтергіштің осы түріне қатысты мәліметтерді қосады. Қажет болған жағдайларда дайындаушы кәсіпорын паспортқа дайындалған көтергіштің

ерекшелігін сипаттайтын қосымша мәліметтерді енгізеді. Паспортқа материалдар мен тораптарды дайындау кезінде пайдаланылған көтергіштің қауіпсіздігін растайтын сертификаттар (олар болған кезде) қоса беріледі.

Мүгедектігі бар адамдарға
арналған көтергіштерді
қауіпсіз пайдалану
қағидаларына
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшаның оң жақ жоғары бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 02.10.2025 № 434 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

Техникалық әзірлік актісі

Қала _____ " ____ " _____ 20__ ж.

Біз, төменде қол қоюшылар, көтергішті монтаждауды (қайта жаңартуды) орындаған ұйымның өкілі _____

(ұйымның атауы, лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

орнатуға рұқсат _____ № _____

(күні, айы, жылы)

берілді _____,

(кім)

және іске қосу-жөндеу жұмыстарын орындаған ұйымның

өкілі _____

, (ұйымның атауы, лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

монтаждау және іске қосу-жөндеу жұмыстары аяқталғаны, көтергішті қарап тексеру

, тексеру және сынау жүргізілгені туралы осы актіні жасадық

_____ зауыттық номері _____

(түрі)

және оның құрамдас бөліктері

_____ (құрамдас бөліктердің атауы және белгіленуі)

_____ дайындаушы ұйымның техникалық құжаттама көлемінде.

Көтергіш мына мекен-жай бойынша орнатылды:

_____ Көтергіш және оның құрамдас бөліктері қарап тексеруден және тексеруден, сынақтан өтті, жарамды күйде және мақсатына қарай пайдалануға дайын.

Көтергішті монтаждау (қайта жаңарту) орындаған ұйымның өкілі

(қолы) (қолтаңбаның толық жазылуы)

Іске қосу-жөндеу жұмыстары орындаған ұйымның өкілі

(қолы) (қолтаңбаның толық жазылуы)

Мүгедектігі бар адамдарға
арналған көтергіштерді қауіпсіз
пайдалану қағидаларына
3-қосымша

Көтергішті пайдалануға беру мүмкіндігі туралы акт

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 02.10.2025 № 434 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қала _____ " ____ " _____ 20__ ж.

Біз, төменде қол қоюшылар, комиссия мүшелері: көтергіш иесінің уәкілетті өкілі-комиссия төрағасы

(ұйымның атауы, лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
пайдаланушы ұйымның уәкілетті өкілі

(ұйымның атауы, лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
іске қосу-жөндеу ұйымының уәкілетті өкілі

(ұйымның атауы, лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
көтергішті монтаждауды (қайта жаңартуды) орындаған ұйымның уәкілетті өкілі

(ұйымның атауы, лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
құрылыс-монтаждау ұйымының уәкілетті өкілі

(ұйымның атауы, лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

көтергішті дайындаушы ұйымның уәкілетті өкілі

(ұйымның атауы, лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы бақылау мен қадағалау жөніндегі
мемлекеттік инспекторы

(ұйымның атауы, лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
ұсынылған құжаттаманың қаралғандығы, көтергішті және оның құрамдас

бөліктерін дайындаушы ұйымның техникалық құжаттамасында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 102) тармақшасына сәйкес бекітілген Мүгедектігі бар адамдарға арналған көтергіштерді қауіпсіз пайдалану қағидаларында (бұдан әрі – Қағидалар) көзделген көлемде қарап-тексеру және тексеру жүргізілгені туралы осы актіні жасадық.

Көтергіш мына мекен-жай бойынша орнатылды:

Қарап-тексеру мен тексеруде мыналар анықталды: құрылыс, монтаждау және жөндеу жұмыстары

(техникалық шартты белгілеу) техникалық жұмыс құжаттамасына, орнату сызбаларына және

Қағидаларына сәйкес орындалған; көтергіш паспорт деректеріне және Қағидаларында көрсетілген талаптарға сәйкес келеді; көтергіш оның мақсаты бойынша қауіпсіз пайдалануға

мүмкіндік беретін жарамды күйде; пайдалануды ұйымдастыру Қағидалар талаптарына сәйкес келеді.

Көтергішті иесі қабылдады.

Комиссия мүшелерінің қолдары.